

Қызылорда қаласы бойынша 2021 жылға жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Қызылорда қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 28 қаңтардағы № 17271 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 29 қаңтарда № 8138 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қызылорда қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 22 қазандағы № 1282 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қызылорда қаласы әкімдігінің 22.10.2021 № 1282 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 9-бабының 7, 8, 9) - тармақшаларына сәйкес Қызылорда қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қызылорда қаласы бойынша 2021 жылға пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін, ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін екі пайыз мөлшерінде жұмыс орындарына квота осы қаулының 1, 2 және 3-қосымшаларына сәйкес белгіленсін.

2. "Қызылорда қаласы бойынша жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" Қызылорда қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 18 қазандағы № 14460 қаулысының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 6941 нөмірімен тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілердің эталонды бақылау банкісінде 2019 жылғы 25 қазанда жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. "Қызылорда қаласы бойынша жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" Қызылорда қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 18 қазандағы № 14460 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қызылорда қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 5 ақпандағы № 15043 қаулысының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 7240 нөмірімен тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілердің эталонды бақылау банкісінде 2020 жылғы 13 ақпанда жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қызылорда қаласы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда қаласының әкімі

Н. Налибаев

Қызылорда қаласы әкімдігінің
2021 жылғы 28 қаңтардағы № 17271
қаулысына 1-қосымша

2021 жылға пробація қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін квота

№	Ұйымның атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны	Квотаның мөлшері (%) жұмыскерлердің тізімдік санынан
1	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелерінің "Еңбек" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының " Еңбек-Қызылорда" филиалы	150	4,67
2	"Valiant-Строй" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	70	7,15
3	"Пәтер иелерінің "Шапағат кооперативі" тұтыну кооперативі	40	2,5
4	"Қызылорда" Автобус паркі" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	235	2,13
5	"Қызылорда тазалығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	500	2

Қызылорда қаласы әкімдігінің
2021 жылғы 28 қаңтардағы № 17271
қаулысына 2-қосымша

2021 жылға бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін квота

№	Ұйымның атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны	Квотаның мөлшері (%) жұмыскерлердің тізімдік санынан
1	"НефтьПромСнаб" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	15	6,67
2	Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "Табиғат" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	45	2,23

Қызылорда қаласы әкімдігінің
2021 жылғы 28 қаңтардағы № 17271
қаулысына 3-қосымша

2021 жылға ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін квота

№	Ұйымның атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны	Квотаның мөлшері (%) жұмыскерлердің тізімдік санынан
1	Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "Табиғат" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	45	2,23
2	"НефтьПромСнаб" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	15	6,67

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК